



БҰЙРЫҚ

2018 ж. № 01.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 22

город Астана

Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия құрамын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 480-бабы 1-тармағына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 182-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляция департаментімен (Қ.И. Миятов) осы бұйрық мүдделі адамдардың мәліметіне жеткізілсін.

3. «Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 389 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 қаңтардағы №22
бұйрығымен бекітілген

**Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе)
бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша
апелляциялық комиссияның құрамы**

Комиссия Төрағасы салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету мәселелеріне жетекшілік ететін, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Құқықтық қамтамасыз ету саласында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

Салық және кеден заңнамасы саласында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

Салық саясаты және кеден ісі саласындағы саясат аясында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі құрылымдық бөлімшесінің басшысы (келісім бойынша);

Салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ететін, салық заңнамасы мәселелеріне тәлімгерлік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы басшысының орынбасары;

Салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ететін, кеден заңнамасы мәселелеріне тәлімгерлік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы басшысының орынбасары;

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының орынбасары (келісім бойынша).